

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «ЗАМАНАУИ
ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ» тақырыбындағы
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының
ЖИНАҒЫ

22-сәуір, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции
посвященной 60-летию кафедры «Педагогика» на тему: «СОВРЕМЕННОЕ
ОБЩЕСТВО И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ»

22-апреля, 2022 г.

COLLECTION

of materials International scientific and practical conference dedicated to the 60th
anniversary of the department «Pedagogy» on the topic: «MODERN SOCIETY AND
PEDAGOGICAL EDUCATION»

22-April, 2022 y.



Нұр-Сұлтан, 2022

ӘОЖ 37.0

КБЖ 74.00

II 23

Редакция алқасы:

Д.Қамзабек - фил.ғ.д., профессор, Басқарма мүшесі - әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Р.К.Төлеубекова** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Қ.Шалғынбаева** - п.ғ.д., профессор; **Г.Қ.Длиббетова** -п.ғ.д., профессор; **Б.П.Сейтқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Г.К.Шолпанқұлова** - п.ғ.к., профессор м.а., **Г.Т.Уразбаева** -п.ғ.д., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** -п.ғ.к., доцент; **Байменова Б.С.** - п.ғ.к., доцент; **Ботабаева Ә.Е.** - п.ғ.к., доцент; **Т.С.Сламбекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Балтабаева Ж.Б.** - магистр.

ISBN 978-601-337-659-2

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «**ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ**» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Білім беру мегатрендтері және олардың педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсері», «Қазақстандық педагогика болашақтың педагогтарын даярлаудың негізі ретінде», «Педагогикалық іс-әрекеттегі коллаборация бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту ресурсы ретінде» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -821бет.

ОӘЖ 37.0
КБЖ 74.00

ISBN978-601-337-659-2

қылығының зиян тарапын кеміте, оған ақтау табуға тырысады. Егер адам өз қадірін тани білсе, өзінің қандай әрекетте болмасын кемшілік, олқылықтарын ұғынумен оларды жоюға ұмтылады. Мұндайда адам өз әрекеттері мен мінезін өзгертеді, ал өзгерген ұнамды *тұлға сапасы оның санасын жаңалап*, өмірлік серігіне айналады. Егер адамның өз қадірін сақтауына тірек боларлық ниеттелген қылық пен күнделікті жүріс-тұрыс арасындағы сәйкессіздік туралы ақпарат санамен қабылданбаса, қайшылық сигналдары психологиялық қорғанысты іске қосып, ниет пен ақиқат арасындағы қарсылықтардың шешімі табылмайтын болса, адамның өзін өзі жетілдіруі мүмкін емес. Сондықтан қорғаныстың мотивация үшін алатын орны ерекше.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келетін болсақ әр адам бақытты болуға міндетті. Ол үшін өзін-өзі бағалауы мен өзіне өзі сенімділігі, бағыт-бағдары, қорғанысы мықты болу керек. Адам іштей бәріне дайын болса сыртқы қамалдын бәрі алып өз мақсатына жетіп биік белестерді бағындырады. Адамның іштей дайындығы мотивация белсенділігінің нәтижесі болмақ. Еш уақытта адам кері шегінбей өз бақытының жемісін көруге күресу қажет. Өйткені адамда саналы ақыл-ой мен мотивациялық бағыт-бағдар бар. Осы бағытты бір-бірімен байланыстырғанда ғана еңбегіміздің жемісі мен жетістігін көре аламыз.

Әдебиеттер

1. Жарықбаев Қ. Психология. Алматы, 1999.
2. Тоқсанбаева Н.Қ. «Танымдық іс-әрекетке кіріспе» Алматы, Қазақ университеті. 2018.
3. Роббинс С.П. «Ұйымдық мінез-құлық негіздері» Астана, "Ұлттық аударма бюросы" ҚҚ, 2018. (Рухани жаңғыру).
4. Аронсон Э. «Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе» Астана, "Ұлттық аударма бюросы"ҚҚ, ауд. Дүйсенбеков Д., Жолдасова М.К., Калымбетова Э.К., Кенжебеков О.2018. (Рухани жаңғыру).
5. Дэвид Г., Майерс, Жан М., Туенж «Әлеуметтік психология» Астана, "Ұлттық аударма бюросы"ҚҚ, Айқынбаева Г.Қ., Айтышева А.М. 2018. (Рухани жаңғыру).

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ ПЕДАГОГТАРЫНДАҒЫ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ЖАНУ СИНДРОМЫНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ДЕТЕРМИНАНТТАРЫ

Сәтжанова Гүлдара Балғабайқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 7М01103- "Педагогика және психология"
білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Шолпанқұлова Гүлнар Кеңесбекқызы

педагогика ғылымдарының кандидаты, «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»
кафедрасының профессоры м.а.
guldara_satzhan@mail.ru

Аннотация. В данной статье представлены результаты эмпирического исследования, направленного на выявление личностных детерминантов, повышающих и снижающих уровень эмоционального горения педагогов, работающих в дошкольных организациях образования. Приведен количественный и качественный анализ данных, сделан вывод о влиянии отдельных детерминантов на возникновение и развитие синдрома эмоционального горения.

Ключевые слова: синдром эмоционального горения, личностные детерминанты эмоционального горения, контент-анализ.

Abstract. This article presents the results of an empirical study aimed at identifying personal determinants that increase and decrease the level of emotional burnout of teachers working in preschool educational institutions. A quantitative and qualitative analysis of the data is given and a conclusion is made about the influence of individual determinants on the occurrence and development of emotional burnout syndrome.

Key words: emotional burnout syndrome, personal determinants of emotional burnout, content analysis.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында қызмет атқарушы педагогтар баланың денсаулығы, дамуы және жеке басының қалыптасуы үшін маңызды жауапкершілікпен байланысты ерекше кәсіби мәртебеге ие. Бұл өз кезегінде тәрбиеші-педагогтар арасында эмоционалдық жүктемеден туындайтын эмоционалдық жану синдромының қалыптасу қаупін жоғарылатады.

Тұңғыш рет «жану» терминін американдық психиатр Г.Фройденбергер кәсіби іс-әрекетпен тікелей байланысты психикалық, психофизикалық және психосоматикалық дисфункциялардың жиынтығын белгілеу үшін енгізген [1].

Қазіргі күнге дейін аталмыш феномен жұмыс орнындағы созылмалы стресстің нәтижесі ретінде қалыптасқан және сәтті еңсерілмеген синдром ретінде түсіндіріледі.

Дегенмен, бірқатар зерттеуші ғалымдар (Н.Е.Водопьянова, Л.И.Вассерман, Е.С.Старченкова, Т.И.Ронгинская, Л.В.Меньшикова, В.Райх, Е.И.Рогов, М.А.Беребин, М.В.Борисова және т.б.) эмоционалдық жану дәл кәсіби контекстегі құбылыстарға қатысты болғанымен, оның дамуына кәсіби орта факторларына қарағанда, тұлғалық ерекшеліктер едәуір әсер етеді деп санайды. Бұл тұжырымға көптеген зерттеулер дәлел бола алады.

Эмоционалдық жанудың тұлғалық детерминанттарын анықтау тұлғаның кәсіби қалыптасуының әртүрлі кезеңдерінде жану синдромының алдын алуға және түзетуге бағытталған бағдарламаны жасауға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтарындағы эмоционалдық жану синдромының тұлғалық детерминант-тарын анықтауға бағытталған эмпирикалық зерттеу жүргізілді. Зерттеуге Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан «Зияткер», «Балдырған», «Құлыншақ» және «Қыз Жібек» балабақшаларының педагогикалық ұжымдары қатысты.

Эксперименттік зерттеу үшін жалпы таңдамакөлемі 72 тәрбиеші-педагогты құрады (n=72). Респонденттердің жастық шеңбері 21-56 жас аралығын, ал педагогикалық қызмет өтілі 3 айдан 28 жылға дейінгі аралықты қамтыды.

Тәрбиеші-педагогтардың эмоционалдық жануының көріну деңгейін анықтау құралы ретінде МВІ (Maslach Burnout Inventory) әдістемесінің Н.Водопьянова және Е.Старченковамен педагогтар үшін бейімделген нұсқасы қолданылды [2]. Бұл әдістеме К.Маслач пен С.Джексонның эмоционалдық жанудың үш факторлық моделінің негізінде жасалған.

Эмоционалдық жану деңгейін диагностикалау нәтижелері бойынша екі топ анықталды:

1. Жанудың интегралды көрсеткіші ортадан жоғары тәрбиеші-педагогтар(37.5%);
2. Жанудың интегралды көрсеткіші ортадан төмен тәрбиеші-педагогтар(62.5%).

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы педагогтардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін анықтау мақсатындағы сауалнама үшін «Аяқталмаған сөйлемдер» әдістемесінің авторлық нұсқасы қолданылды.

Респонденттер толықтырған сөйлемдер тақырыптық контент-талдау арқылы өңделді.

Эмоционалдық жану деңгейі ортадан жоғары тәрбиеші-педагогтардың басым бөлігінде (81%) өзіндік эмоцияларды басқарумен мәселелері бар екені анықталды. Бұл мәселе жану деңгейі ортадан төмен респонденттердің жартысында дерлік (49%) кездесті.

Ал өзіндік эмоционалдық күйлердің жұмыстың өнімділігіне ықпал етпейтінін жанушы педагогтар тобының 19%-ы, ал жану деңгейі төмен педагогтар тобының 51%-ы көрсетті.

Екі топтағы пайыздық үлестердің арасындағы айырмашылықтарға қарамастан, нәтижелерге сүйене отырып, эмоционалдық тұрғыдан өзін-өзі реттеу мәселесінің өте өзекті екенін байқауға болады (1-кесте).

Кесте 1

«Менің бойымдағы эмоциялар жұмысымның тиімділігіне...» сөйлемін жалғастырудағы категориялардың үлесі

Контент-талдау категориялары	Жанудың ортадан жоғары деңгейі		Жанудың ортадан төмен деңгейі	
	респонденттер саны (27)	%	респонденттер саны(45)	%
қатты әсер етеді	10	37	7	16
белгілі бір деңгейде әсер етеді	12	44	15	33
мүлдем әсер етпейді	5	19	23	51

Өзгелердің эмоцияларының әсерін басқару қабілетсіздігі жану деңгейі ортадан жоғары тәрбиеші-педагогтардың 70%-ында, ал жану деңгейі ортадан төмен тәрбиеші-педагогтардың 38%-ында анықталды.

«Эмоционалдық тәуелсіздік» жанушы тәрбиешілердің тек 30%-ында тіркелген. Бұл қабілет жану деңгейі ортадан төмен педагогтар тобында екі есе жоғары(62%) (2-кесте).

Кесте 2

«Қызметтестерім мен тәрбиеленушілерімнің эмоциялары жұмысымның тиімділігіне...» сөйлемін жалғастырудағы категориялардың үлесі

Контент-талдау категориялары	Жанудың ортадан жоғары деңгейі		Жанудың ортадан төмен деңгейі	
	респонденттер саны (27)	%	респонденттер саны(45)	%
қатты әсер етеді	9	33	5	11
белгілі бір деңгейде әсер етеді	10	37	12	27
мүлдем әсер етпейді	8	30	28	62

Бұл көрсеткіштер эмоционалдық интеллектінің компоненттерінің бірі болып табылатын өзгелердің эмоцияларын түсіну мен басқару дағдыларын жетілдіру қажеттілігін көрсетеді.

Эмоционалдық жану деңгейі ортадан жоғары тәрбиешілердің көпшілігі (67%) жұмысты орындау барысында мүмкіндік туып жатса, функцияларды өзгелерге үлестіруге бейім екені анықталды. Адамдармен интенсивті қарым-қатынасты қамтитын қызметтік салада кәсіби міндеттердің редукциясы маманның тарапынан эмоционалдық шығындарды талап ететін міндеттерді қысқарту әрекеттерінен көрінеді. Яғни, жану синдромына ұшыраған педагогтар ресурстарды үнемдеу режиміне көшеді.

Осы көрсеткіштің негізінде функцияларды үлестіре білу қабілеті жайындағы түйін екі жақты сипатқа ие болды: бір жағынан, ол жану синдромының алдын алуға маңызды шарт

бола алады; екінші жағынан, эмоционалдық жанудың әрекеттік деңгейде көрінетін салдарының бірі де бола алады.

Сондай-ақ бұл топтағы тәрбиешілердің 29%-ының жұмысты орындауда өздеріне жоғары талаптар қоятыны белгілі болды. Бұл жағдайда жоғары талапшылдық салдардан гөрі жану синдромының белгілі бір деңгейдегі детерминанты болуы мүмкін.

Ал эмоционалдық жану деңгейі ортадан төменпедагогтардың басым бөлігі(69%) кәсіби міндеттерін орындау кезінде өз мүмкіндіктерін ескереді екен. Өзіндік мүмкіндіктерді ескеру өзін-өзі адекватты бағалаудың бір көрінісі болып саналады. Бұл көрсеткіш бірінші топта, керісінше, өте төмен пайыздық үлесті көрсетті (4%) (3-кесте).

Кесте 3

«Жұмысты орындау барысында...» сөйлемін жалғастырудағы категориялардың үлесі

Контент-талдау категориялары	Жанудың ортадан жоғары деңгейі		Жанудың ортадан төмен деңгейі	
	респонденттер саны (27)	%	респонденттер саны(45)	%
өз мүмкіндіктерімді ескеремін	1	4	31	69
мүмкін болса, үлестіруге тырысамын	18	67	7	15.5
өзіме жоғары талаптар қоямын	8	29	7	15.5

Өз жұмысының нәтижелеріне қанағаттануды жанушы педагогтар тобының 14%-ы үнемі, 52%-ы көп жағдайда, 30%-ы кейде сезінетіні белгілі болды. Осы категориядағы бір педагог бұл сезімді мүлдем бастан кешпейтінін белгіледі (4%).

Екінші топтың жауаптарына келер болсақ, жұмыс нәтижелеріне қанағаттану жану деңгейі ортадан төмен тәрбиешілердің 33%-ында үнемі, 47%-ында жиі жағдайда, 20%-ында кейде байқалады екен (4-кесте).

Кесте 4

«Өз жұмысымның нәтижелеріне...» сөйлемін жалғастырудағы категориялардың үлесі

Контент-талдау категориялары	Жанудың ортадан жоғары деңгейі		Жанудың ортадан төмен деңгейі	
	респонденттер саны (27)	%	респонденттер саны(45)	%
үнемі қанағаттанамын	4	14	15	33
көбінесе қанағаттанамын	14	52	21	47
кейде қанағаттанамын	8	30	9	20
мүлдем қанағаттанбаймын	1	4	-	-

Жанушы педагогтар тобының 16%-ы ғана соңғы бір жыл көлемінде өздерінің кәсіби алға жылжуын байқайтынын мәлімдеді, 70%-ы өздерінің кәсіби дамуын «стагнация» қалпында екенін, ал 14%-ы тіпті кәсіби тұрғыдан деградацияға ұшырағандарын белгіледі.

Эмоционалдық жану деңгейі төмен педагогтар тобының жауаптарына келер болсақ, респонденттердің 31%-ы кәсіби дамуларының динамикасы бір қалыпты екенін көрсетті, 69%-ы өсімді байқайтындықтарымен бөлісті (5-кесте).

Кесте 5

«Соңғы бір жылда кәсіби тұрғыдан менде... » сөйлемін жалғастырудағы категориялардың үлесі

Контент-талдау категориялары	Жанудың ортадан жоғары деңгейі		Жанудың ортадан төмен деңгейі	
	респонденттер саны (27)	%	респонденттер саны (45)	%
жағдай бір қалыпты	19	70	14	31
алға жылжу бар	5	16	31	69
кері жылжу байқалады	3	14	-	

Кәсіби даму тұрғысынан жану деңгейі ортадан төмен педагогтар тобының жалпы көрсеткіші бірінші топқа қарағанда төрт есе жоғары екенін байқаймыз. Бұл адамның өзін-өзі маман ретінде жетілдіру әрекеттерінің эмоционалдық жанудың алдын алуға белгілі бір деңгейде ықпалдасатынын білдіреді.

Эмоционалдық жану деңгейі ортадан жоғары тәрбиеші-педагогтардың 33%-ы өз кәсіптеріне тұлғалық дамудың бір көзі ретінде қарайды, ал 67%-ы өз кәсіптерінен тұлға ретінде даму мүмкіндіктерін көрмейтінін белгіледі.

Эмоционалдық жану деңгейі төмен топтағы респонденттердің 87%-ында өз кәсіптеріне деген позитивті қарым-қатынас байқалды. Сұралушы мамандардың тек 13%-ы тәрбиеші-педагог кәсібін тұлғалық дамудың бір жолы ретінде қабылдамайтындығымен бөлісті (6-кесте).

Кесте 6

«Тәрбиеші-педагог кәсібі... » сөйлемін жалғастырудағы категориялардың үлесі

Контент-талдау категориялары	Жанудың ортадан жоғары деңгейі		Жанудың ортадан төмен деңгейі	
	респонденттер саны (27)	%	респонденттер саны (45)	%
менің тұлғалық дамуымның бір көзі болып табылады	9	33	39	87
тұлғалық дамуыма жол ашпайды	16	60	6	13

Берілген көрсеткіштерден эмоционалдық жанудың жоғары деңгейі мен кәсіпті тұлғалық өсудің қайнар көзі ретінде қабылдамаудың арасындағы тура байланысты аңғаруға болады. Бұл А.Маслоудың қажеттіліктер пирамидасының шыңында көрсетілген өзін-өзі өзектендірудің, оның ішінде өзін тұлға ретінде жетілдірудің маңыздылығын тағы бір дәлелдей түседі [3].

Қызметтік іс-әрекет барысында кездесетін психологиялық мәселелерді эмоционалдық жану деңгейі ортадан жоғары топтағы тәрбиеші-педагогтардың 70%-ы өз бетінше шешуді жөн көретіні анықталды. Осы топтағы мамандардың 30%-ы өзге адамдардың кеңесі мен қолдауына жүгінетіні белгілі болды.

Жану деңгейі төмен топтағы педагогтардың 38%-ы мұндай жағдайларда өздеріне сенетіндігімен, ал 62%-ы қоршаған ортаның көмегіне сүйенетіндігімен бөлісті (7-кесте).

Кесте 7

«Жұмыстағы психологиялық қиындықтарды...» сөйлемін жалғастырудағы категориялардың үлесі

Контент-талдау категориялары	Жанудың ортадан жоғары деңгейі		Жанудың ортадан төмен деңгейі	
	респонденттер саны(27)	%	респонденттер саны(45)	%
өзім жеңуге тырысамын	19	70	17	38
шешуде адамдарға жүгінемін	8	30	28	62

Берілген сұраққа қатысты екі топ респонденттерінен алынған жауаптар негізінде келтірілген көрсеткіштерге қарап, келесі түйіндемені жасауға болады: эмоционалдық жану деңгейі жоғары педагогтардың басым бөлігі тұйық болып келеді, өз мәселелерін түрлі себептер бойынша қоршаған адамдарымен бөлісе алмайды. Ал жану деңгейі төмен мамандардың көпшілігі мәселемен жалғыз қалмай, шешім табуда өзгелерге сүйенетініне қарағанда, қоғамға деген ашықтық пен өз мәселесімен бөлісу қорқынышының болмауы эмоционалдық күйзеліске ұшырамаудың бір жолы болып табылады.

Балабақша әкімшілігімен тілдесу кезінде эмоционалдық жану деңгейі ортадан жоғары тәрбиешілердің 81%-ы қобалжуды сезінетіні, ал 19%-ы өздерін еркін ұстайтыны анықталды.

Бұл көрсеткіштер екінші топта кері пропорционалды болып шықты. Атап айтқанда, басшылықпен кездесу жанудың ортадан төмен деңгейі анықталған топтың тек 22%-ында қобалжу сезімімен қатар жүреді екен, ал 78%-ы өздерін комфортты сезінеді екен (8-кесте).

Кесте 8

«Басшылықпен сөйлесу барысында...» сөйлемін жалғастырудағы категориялардың үлесі

Контент-талдау категориялары	Жанудың ортадан жоғары деңгейі		Жанудың ортадан төмен деңгейі	
	респонденттер саны(27)	%	респонденттер саны(45)	%
қобалжып, әңгіменің тез аяқталғанын қалап отырамын	22	81	10	22
өзімді еркін және комфортты сезінемін	5	19	35	78

Жауап нұсқаларында қобалжу мен еркіндік сезімін келтіру арқылы біз тәрбиеші-педагогтардың бойындағы өзіне деген сенімділіктің деңгейін анықтағымыз келді. Себебі маманның өзіне сенімділігі оның қызметтік саласының барлық жақтарымен (біздің жағдайда – тәрбиеленуші балалармен, олардың ата-аналарымен, әріптестермен және басшылықпен) қарым-қатынасының эмоционалдық сипатынан көрініс береді.

Қызметтік сала мен жеке өмірді үйлестіру эмоционалдық жанудың ортадан жоғары деңгейі анықталған тәрбиеші-педагогтардың 26%-ынан, ал жанудың ортадан төмен деңгейіндегі тәрбиеші-педагогтардың 30%-ынан қосымша ресурстарды талап етеді (9-кесте).

Кесте 9

«Мен үшін жұмыс пен жеке өмірді үйлестіру...» сөйлемін жалғастырудағы категориялардың үлесі

Контент-талдау категориялары	Жанудың ортадан жоғары деңгейі		Жанудың ортадан төмен деңгейі	
	респонденттер саны (27)	%	респонденттер саны (45)	%
ешқандай қиындықты туындатпайды	20	74	30	70
күш пен энергияны қажет етеді	7	26	15	30

Орташа есеппен алғанда, әрбір үшінші тәрбиешінің ресурстық жағдайы өмірдің екі саласын үйлестіру үшін жеткіліксіз екені бізге мәлім болды. Бұл көрсеткіштер ресурстарды қайта қалпына келтіру техникаларының тәрбиеші-педагогтармен меңгерілу қажеттілігін тек негіздей түсті.

Өзгелердің өтініштеріне «жоқ» деп айту жану деңгейі ортадан жоғары тәрбиеші-педагогтардың 78%-ына қиынға түсетіні белгілі болды. Бұл көрсеткіш жану деңгейі ортадан төмен педагогтар тобында үш есе төмен (24%) (10-кесте).

Кесте 10

«Мен үшін өзгелердің өтініштеріне "жоқ" деп айту...» сөйлемін жалғастырудағы категориялардың үлесі

Контент-талдау категориялары	Жанудың ортадан жоғары деңгейі		Жанудың ортадан төмен деңгейі	
	респонденттер саны (27)	%	респонденттер саны (45)	%
ешқандай қиындықты туындатпайды	6	22	34	76
оңайлыққа түспейді	21	78	11	24

Эмоционалдық жанудың жоғары деңгейі мен «жоқ» деп айту қабілетсіздігінің арасындағы болжалды байланыс расталды.

«Жоқ» деп ойды ашық айта алмау әкімшілік тарапынан берілетін қызметтік сипаттағы қосымша тапсырмалардың және әріптестерден келетін өтініштердің санын тек көбейтеді. Нәтижесінде, бұл әдеттің маман бойындағы энергетикалық және уақыттық ресурстардың сарқылуына алып келетіні сөзсіз.

Қорыта келгенде, мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтарының эмоционалдық жану синдромына ұшырау қаупін олардың өзіне деген сенімсіздігі, өз мәселесімен бөлісу қорқынышы және «жоқ» деп ойды ашық айта алмауы жоғарылатады. Ал тәрбиеші-педагог тарапынан болатын кәсіби дамуға деген талпыныстар және оның өзін эмоционалдық тұрғыдан реттеу дағдылары, керісінше, эмоционалдық жанудың деңгейін барынша төмендетеді. Өйткені, тәрбиеші-педагогтардың эмоционалдық жануының айқындылығы жеке дара және субъективтік ерекшеліктерін, ұйымдастырушылық факторлардың көрінісін анықтайды, бұл мектепке дейінгі білім беру ұйымдары құрылымындағы кәсіби іс-әрекеттің ұйымдастырылу деңгейінде негізгі элементтердің өзіндік ерекшеліктерін де сипаттайды.

Әдебиеттер

1. Herbert J. Freudenberger. Staffburn-out (англ.) // Journal of Social Issues. — 1974. — Vol. 30, no. 1. — P. 159—165. — ISSN 0022-4537

2. Водопьянова Н.Е., Старченкова Е.С. Синдром выгорания: диагностика и профилактика. СПб. : Питер, 2008. 336 с.

3. Maslow, Abraham. A Theory of Human Motivation// Psychological . — 1943. — Review #50 . — P.370-396.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫМЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Секенова Ә.С., Дауырхан Н.Д., Досымова А.Ж., Сасанова Д.С.

Қазақ Ұлттық Қыздар педагогикалық университеті
Қазақстан, Алматы қ.,
aigerim.sekenova@bk.ru

Аннотация. В статье констатируется, что очевидно, что отношения между учеником и учителем в образовательном процессе сегодня действуют в прямом, демократическом направлении, не только учитель влияет на психологию ученика, но и влияние его родителей. Уточнены критерии работы с родителями по технологиям обучения в сотрудничестве. Определены задачи, которые предстоит выполнять учителям в работе с родителями. Одной из технологий, используемых в работе с родителями, является педагогический потенциал игровых технологий, ученые, изучавшие его.

Ключевые слова: образование, инновации, работа с родителями, современные образовательные технологии, опросы, сотрудничество, игровые технологии.

Abstract. The article states that it is obvious that the relationship between the student and the teacher in the educational process today operates in a direct, democratic direction, not only the teacher influences the student's psychology, but also the influence of his parents. The criteria for working with parents on learning technologies in cooperation have been clarified. The tasks to be performed by teachers in their work with parents are determined. One of the technologies used in working with parents is the pedagogical potential of gaming technologies, the scientists who studied it.

Key words: education, innovations, work with parents, modern educational technologies, surveys, cooperation, gaming technologies.

Білім – ұлы күш, болашақтың қайнар бұлағы. Білімсіз мына заманның дамуы бұлыңғыр, тығырыққа тиелгенде, қиындықтың шырмауына түскенде де ең әуелі адамды алып шығаратын серігі – білім. Білім беруші тұлға – ұстаз. Ұстаздың жан-жақты, күзиретті маман болуы болашақ ел үміттері боларлық тұлға дайындаудың бір кепілі саналады. Ұстаздың күзиреттілігін пайдалана отырып, оқушылармен жасаған қарым-қатынасында тиянақтылық, парасаттылық, мейірімділік, креативтілік, ізденімпаздық деген секілді қасиеттерін бойына сіңіріп, білім нәрін оқушыларға беруі ұстаз үшін ұлы мақсаттың орындалуымен бірдей құбылыс. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», - деп Абай данамыз айтпақшы, үйретуден жалықпайтын ұстаздан білім алған баланың да санасы сергек, ұлтының патриоты, елінің жанашыры болары бек мүмкін. Белгілі ғалым Алма Қыраубаеваның сабаққа берген бағасы көп ұстаздың ойына терең философия сыйлары анық. Алма Қыраубаева өз сөзінде сабаққа қатысты: «Сабақ – ұстаз бен оқушының адамгершілік қатынасы» [1], - деген ой тастайды. Бұл ойдың ұстаз ғана емес оқушы санасына сабаққа барынша ілтипат танытуына, адами құндылықтардан аттамай, тиянақты қарауға барынша жол салатындай.

Оқыту процесіне ұстаз бен оқушы ғана араласпайды, оқыту процесінде баланың ата-анасының да алар орны ерекше. Баланың өмірдегі алғашқы ұстазы ата-анасы болып табылады. Бес жасқа дейін бала өзінің ата-анасының жасаған іс-әрекетін көріп үйренеді, ата-анасының тәрбиесін мектеп жасына дейін ұстаздың араласуынсыз алатындығы анық. Мектеп жасына жеткенде баланың барынша ойлау қабілеті де ұшталып, санасы жасына сай өсе түседі. Ұстаздың алғашқы үйреткен әріптерін оқып, қолға қалам ұстап, оқу деген білім